

Ш. Керім^{1*} , Т. Абылов² 

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Анкара университеті, Түркия, Анкара қ.

*e-mail: kerim-1962@mail.ru

ӘБУ НАСЫР МҮБАШШИР АТ-ТАРАЗИ ӨМІРІНІҢ АУҒАНЫСТАНДАҒЫ КЕЗЕҢІ

Мақалада Кеңестік дәуірде Коммунистік жүйенің тәртібіне қарсы тұрғаны үшін эмиграцияға кеткен Тараз қаласының тумасы, дін ғұламасы – Әбу Насыр Мұбашшир ат-Таразидің (1896–1977) Ауғаныстандағы 1930–1949 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси қызметі сараланады. Оқымыстының шаһ кеңсесіндегі аудармашылық-редакциялық, басшылық-әкімшілік, баспасөз және әдеби-шығармашылық саласындағы жұмыстары, қоғамдық белсенді күрескерлігі жайында мәліметтер беріледі. Оның Кеңестер Одағына қарсы немістермен бірлескен түркістандық эмигранттарды қарулы операцияға дайындыққа басшылық етуі, осы үшін тұтқындалып, Кабул түрмесінде 5 жыл 1 ай 3 күн қамауда отыруы сөз болады. Түрмеден босанғаннан кейінгі Мысырға қоныс аудару себебі көрсетіледі. Мақаладағы келтірілген деректерді Шығыс елдері тарихын, ұлт азаттық қозғалысы, ислами тарихын оқытуда пайдалануға болады.

Мақалада араб тіліндегі бұрын оқымыстының ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке қорындағы айналымға енбеген тың материалдар мен ұлы Насрулла ат-Таразидің (1922–2002) жазбалары пайдаланылды. Араб тіліндегі қайнаркөздер түрік тіліндегі Абдулхамид Кочардың естелігімен, Ахад Андижан мен Әмин Йаримоғлу зерттеулерімен, сондай-ақ орыс тіліндегі барлау қызметі мәліметіне негізделген кітаптардағы деректермен салыстырылып, толықтырылды. Зерттеуде сипаттамалық, жүйелеу қағидаттары басшылыққа алынып, тарихи танымдық тәсілдері, жинақтау әдістері қолданылды.

Мұбашшир Ат-Тарази Ауғаныстанда қоғамдық орны бар қайраткер, беделді, тәуелсіздік пен азаттық жолындағы қозғалыс тарихында орны бар тұлға ретінде көрінді. Сол себепті оның өмірбаянын, тұлғалық-шығармашылық жолын кеңінен зерделеп, оқырманға жетпей жатқан деректерді ұсыну маңызды.

Түйін сөздер: Ат-Тарази, ислам, ғалым, Түркістан, Ауғаныстан.

Sh. Kerim^{1*}, T. Abylov²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

²Ankara University, Turkey, Ankara

*e-mail: kerim-1962@mail.ru

Life and work of Abu Nasir Mubashir at-Tarazi in Afghanistan

The article analyzes the social and political activities of a native of Taraz and theologian Abu Nasir Mubashir at-Tarazi (1896–1977) during 1930–1949, who emigrated to Afghanistan during the Soviet era because he struggled against the communist regime. Authors provide information about the scientist's activities in translation and editing, management, administration, printing, and literary and creative work in the Shah's office, about his active social struggle. The article reports that he led the preparation of a joint German armed operation by Turkestan emigrants against the Soviet Union, which is why he was arrested and imprisoned in Kabul for five years, one month, and three days. There also explained the reason for his emigration to Egypt after his release from prison. The article provides data that can be applied to study the history of the East, the national liberation movement, and the history of Islam.

The article uses new materials in Arabic that were not previously included in the scientist's fund in the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, as well as the works of his son Nasrullah at-Tarazi (1922–2002). Arab sources were collated and supplemented by the memoirs of Abdulhamid Kochar in Turkish, research by Ahad Andijan and Amin Yarimoglu, data from books based on intelligence materials in Russian. In the study, the authors used the principles of characterization, systematization, historical and cognitive methods, and method of generalization.

Mubashir at-Tarazi is considered a public figure in Afghanistan, an influential figure in the movement for independence and liberation. Therefore, it is significant to study his biography, personal and creative path and provide the reader with the missing information.

Key words: At-Tarazi, Islam, scholar, Turkestan, Afghanistan.

Ш. Керім*¹, Т. Абылов²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

²Университет Анкара, Турция, г. Анкара

*e-mail: kerim-1962@mail.ru

Период жизни и деятельности Абу Насыра Мубашшира ат-Тарази в Афганистане

В статье анализируется общественно-политическая деятельность уроженца Тараза и теолога Абу Насыра Мубашшира ат-Тарази (1896-1977) в период с 1930 по 1949 год, эмигрировавшего в Афганистан в советское время из-за борьбы с коммунистическим режимом. Приведена информация об активной общественной борьбе и деятельности ученого в сфере управления, администрирования, перевода и редактирования, прессы и литературно-творческой работе в шахской канцелярии. В статье излагается о возглавлении им подготовки совместной немецкой вооруженной операции туркестанских эмигрантов против Советского Союза, впоследствии об его аресте и заключении в тюрьму в Кабуле на пять лет один месяц и три дня. В статье также излагается причина его эмиграции в Египет после выхода из тюрьмы. Данные, представленные в статье, могут быть использованы для изучения истории Востока, национально-освободительного движения, истории ислама.

В статье использованы новые материалы на арабском языке, хранившиеся в личном фонде ученого в Центральном государственном архиве Республики Казахстан, а также труды его сына Насруллы ат-Тарази (1922-2002). Арабские источники были сопоставлены и дополнены мемуарами Абдулхамида Кочара на турецком языке, исследованиями Ахада Андижана и Амина Яримоглу, а также книгами, основанными на данных российской разведки. В исследовании руководствовались принципами характеристики, систематизации, историко-познавательными методами, методами обобщения.

Мубашшир Ат-Тарази считался в Афганистане общественным деятелем, авторитетной фигурой в истории движения за независимость и за национально-освободительное движение. Поэтому важно изучить его биографию, личный и творческий путь и представить читателю недостающую информацию.

Ключевые слова: Ат-Тарази, ислам, ученый, Туркестан, Афганистан.

Кіріспе

Кеңестік дәуірде Коммунистік жүйенің тәртібіне төзбей бас көтеріп, ақтық демі таусылғанша алған бағытынан таймай өткен қайсар мінезді кесек тұлғалардың бірі, Тараз қаласының тумасы, дін ғұламасы – Әбу Насыр Мұбашшир ат-Тарази әл-Хүсейни (1896-1977). Әбу Насыр ғұмырының 34 жылын ата жұртында, қалған 47 жылын туған елден жырақта өткізді. Саналы ғұмырын жанқиярлық күреске, дін ілімін насихаттап, танытуға, қорғауға арнаған. Оның еркіндік жолындағы күресі Ташкент пен Әулиеатада басталып, кейін шет елдерде Ауғаныстанда, Мысырда жалғастық тапты. Ол тәпіріш көріп, талай-талай оқиғаларды бастан кешірді. Қанша қысымға ұшыраса да мұқалмады, сағы сынбады, Исламға адал қызмет етудің өнегесін көрсетті. Табанды күрескер, қажырлы қаламгер, қаламы жүйрік көсемсөзші-публицист, дін оқымыстысы, жалынды ақын болды. Артына мол шығармашылық мұра қалдырды.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаттары мен міндеттері

Үлкен оқымысты ретінде танылған жерлесіміздің есімі мен қызметі кіндік қаны тамған

Қазақстанда ұзақ уақыт беймәлім күйінде қағыс қалып келді. Осы бір аса көрнекті дін қайраткерінің тағдыр талайы, еңбектері жайында елімізде кейінгі кезде ғана айтылуға мүмкіндік туды.

Жұмыста Мұбашшир ат-Таразидің өмірінің Ауғаныстандағы эмиграциядағы кезеңі тұңғыш рет арнайы түрде жеке қарастырылып отыр. Оның Ауғаныстан шаһының 1930-1948 жылдары кеңесінде атқарған қызметтері, қоғамдық жұмыстары, саяси белсендігі сараланады. Оның үстіне дәл қазіргі уақытта көрші Ауғаныстан тақырыбы өзектілікке айналып отыр. Мақаладағы келтірілген деректерді Шығыс елдері тарихын, ұлт азаттық қозғалысы, ислами тарихын оқытуда пайдалануға болады.

Кеңес өкіметінің сыңаржақ идеологиясы зардабынан қаншама уақыт жабық болып келген бұл тақырып – еліміздегі діни қозғалыстар, Қазақстан егемен мемлекет санатын тәуелсіздік жолындағы күрестегі дін қайраткерлерінің орнын бұрынғы орныққан пікірлерді қайта зерделеніп қарастырудың қажеттігі туындауда.

Бәріне уақыт төреші дегендей ғұламаның өмір жолын, тұлғалық келбетін, саяси-діни көзқарасын бүгінгі күнгі тәуелсіз ұстаным тұрғысынан жаңаша бағаланды.

Ғылыми зерттеу методологиясы

Мақала араб тіліндегі нақты дерек-фактілерге сүйеніп жазылып отыр әрі бұрын оқымыстының ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке қорындағы айналымға енбеген тың материалдар мен ұлы Насрулла ат-Таразидің (1922-2002) жазбаларына сүйендік. Бұған қосымша Әбу Насыр Мұбашшир ат-Таразидің «Йадгар Зиндан» («Түрме естелігі немесе әлем айнасы») поэзиялық шығармасы да дереккөз ретінде пайдаланылды. Араб тіліндегі қайнаркөздер түрік тіліндегі Абдулхамид Кочардың естелігімен, Ахад Андижан мен Әмин Йаримоғлу зерттеулерімен, сондай-ақ орыс тіліндегі барлау қызметі мәліметіне негізделген кітаптардағы деректермен салыстырылып, толықтырылды. Зерттеуде сипаттамалық, жүйелеу қағидағары басшылыққа алынып, тарихи танымдық тәсілдері, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелері мен талқылама

1930 жылдың сәуір айында Кеңестік үкіметтің репрессиясынан бой тасалаған ат-Тарази 7 жасар ұлы Насрулланы жетектеп Ташкентке табан тірейді. Бұл шаһарда ұзақ тұрақтап қалу қатерлі болғандықтан эмиграцияға кетуді ойластырады. Сөйтіп Ауғаныстан шекарасына бет алады.

Ата жұртынан амалсыз безіп сырттан сая іздеген діндарға шекарадан кесіп өткенде Андхой қаласында барынша сый көрсетіліп, Мазар шәриф қаласында қырық күн қонақ еткен. Соған қарағанда Мұбашширдің аты, күрескерлігі Ауғаныстанның ресми билігіне мәлім болған. Андхойда өзінің араб тіліндегі «Дуррат ут-тижан фи маххис-султан» деп аталатын қасидасын Ауғаныстан билеушісі Мұхаммед Надир шахқа жолдайды.

Шах оған ресми түрде алғыс жауабын білдіріп, егер қаласа, астанаға келуге шақырады. Кабул әкімі Мұхаммед Яғқуб ханға жолығуға ниетін білдіргенде 1349/1931 жылы сапар айының 10-да арнайы хатпен Премьер министр (әс-Садр ул-ағзам) сардар Мұхаммед Хашим шахтың қабылдайтынын жеткізді. Премьер-министрдің қабылдауынан кейін шах Далкошадағы сарай дастарханында дәм татқызып, еркін сұхбаттасады.

Ат-Таразидің өз жазбаларында көрсетілгендей Ауғаныстан арқылы киелі жерлерді зиярат етіп, одан ары Мысырға өтіп, сол жақта өз елінің азаттығы жолында күресін қалам арқылы жалғастыру ойы болған. Бірақ Ауғаныстан шаһы

әңгімелесе келіп оны ұнатып: «Орайы келген сәтте Түркістанға ораларсың, ал оған дейін осы еліңе шекаралас жерден күресіңді жалғастыр» дейді. Қорғаныш болатынына уәде береді. Ат-Тарази әмірдің бұл ұсынысын үлкен алғыс айтып, ризашылықпен қабыл алады. Осылайша ол жергілікті Орта Аманя мектебіне араб тілі және дін ғылымдары пәндерінен оқытушы болып тағайындалады (қазір ол Тәуелсіздік орта мектебі деп аталады).

Кабулге орналасқан Мұбашшир бөтен елдегі тосын жағдайды жатсынбай тез биімделіп, қоғамдық белсенділігін танытады, ұшқыр ойларымен өте маңызды әрі қауіпті күреске ғылыми, пікірталасты жолымен араласты.

Аз уақытта Мұбашширге Ауғаныстан азаматтығын беру қарастырылып, кезектен тыс арнайы қарармен бекітіледі. Ауғаныстан атынан Саудияға баратын үкіметтік делегацияға төраға орынбасарлығына тағайындалып, 1931 қажылық сапар барысында Саудия үкіметімен екі ел арасындағы қатынастарында ынтымақтастық, сондай-ақ Мекке қаласынан Ауған такиясын (қонақ үйін) салу үшін жер телімін сатып алу жөнінде келіссөздер жүргізеді.

Келесі 1932 жылы қажылық маусымындағы Ауған үкіметінің үлкен делегациясын Шах сарайы министрі Сардар Ахмет шах хан бастап барады, төраға орынбасарлығы тағы да ат-Таразиге жүктеледі. Үкіметтік топ сапар кезінде өткен жылғы мәселелерді пысықтайды. Қажылық уақытында Сауд Арабиясы мен Ауғаныстан арасындағы ынтымақтастық меморандумына қол қойылады.

Ат-Тарази көп ұзамай Шах диуанының (кеңсесінің) Редакция және аудармашы үйінің жалпы меңгерушісі болып тағайындалады. Мұндай қызмет ат-Таразидің мұсылман әлемімен қатар араб елдерімен тығыз байланыс жасауына мүмкіндік туғызды. Ислами ұйымдармен, араб қауымымен байланыс жасап, журналистермен етене араласады. Оларға Ауғаныстандағы ахуал мен шаһ сарайы атынан хат жолдап отырады. Оның Шах кеңсесінде жұмыс істеген ұзақ жылдарында бірнеше мақалалары Мысыр, Саудия, Ирак, Сирия, Ливан басылымдарында жарық көреді. Осы қарым-қатынастары арқылы ат-Тарази Ауғанстан мен бүкіл Ислам әлемі арасында өз саласы бойынша және БАҚ арқылы байланыстар орнатуға септесті. Ауғаныстан істері, әсіресе, шаһ сарайы туралы үздіксіз хабарлар беріп тұрды.

Ауғаныстан падишахы Мұхаммед Надир-хан (1883-1933) 1933 жылдың 8 қарашасында «Недждет» лицейіндегі салтанат үстінде қастандықтан

қаза тапқаннан кейін оның орнына шетелдегі оқуын амалсыз үзіп 19 жасында таққа отырған ұлы Мұхаммед Заһир-шах (1914-2007) келеді. Францияда әскери білім алған, өте білімді адам. Ол елді ұзақ, 40 жыл бойы басқарып, тұрақтылық пен тыныштықты сақтаған, экономикалық және саяси өзгерістер жасаған, жаңашыл-реформатор, шебер дипломат ретінде тарихта қалған. Ол елде аз да болса алға басу байқалды. Әйелдерге паранжа киюдi мiндеттемеген, бiлiм алуға, сайлауға хұқық берген. Еркiн баспасөз болды, сайланатын парламент жұмыс iстедi (Ralph, 1976: 77- 80).

Ұзамай ат-Тарази Ауғаныстан Ағарту министрлігінің мектептердің оқу жоспары мен жүйесін қадағалайтын комиссия мүшелігіне, талапкерлерден емтихан қабылдау комиссиясына және құқық факультетін бітірушілердің диплом қорғау комиссиясына енеді. Сондай-ақ ол Мұхаммед Надир шахпен кездесуінде Ауғаныстан білім жүйесін реформалау және елдің басқа да мәселелері жайында өз ой-пікірлерін жеткізіп отырған.

Ат-Тарази Ауған королінің диуанында (кеңсесінде) қызмет атқарып жүрген кездерінде бұрынғы тақ иесі Мұхаммед Надир шахпен көп сұхбаттасқан. Шах түрлі мемлекеттік маңызы бар мәселелерде, әсіресе бастауыш мектептерден жоғары оқу орындарына дейін діни пәндер мен оларды оқыту әдістемесі жөнінде ат-Таразимен кеңесіп отырған. Ауғанстанда Мұхаммед Надыр шах пен оның орнын басқан Мұхаммед Заһир шахқа бастауыш сынып пен университетке дейінгі аралықта діни пәндерді оқытуға көңіл бөлу қажеттігін ұсынған. 1933 жылы Ауғанстандағы мұсылмандардың артта және Кабулдың алынуы тақырыбында жазылған зиялылар мен қаламгерлердің еңбектерін талдау және бағалау комиссиясына мүше болды. Бұл алқалы комиссия құрамында Ағарту министрі, Сыртқы істер министрі және Шаһ кеңсесінің басшысы және Ауғанстан әдебиетшілер қоғамының басшысы кірген. Осылайша ат-Таразидің Ауғанстандағы діндар ғұламалар мен мәдениет қайраткерлерін жақындата түсуге үлес қосты. Ат-Тарази Кабулда орналаса салысымен өзінің белсенді де ұшқыр ойларымен өз еліндегі өте маңызды әрі қауіпті күреске ғылыми жолдармен, пікірталас жолымен көмегін жолдап отырды.

1931 жылы Ауған әдебиетшілері Одағының құрметті мүшелігіне қабылданады. 1932 жылы Қорғаныс министрлігіне қарасты урду-ауған тіліндегі «әл-Жәйш ул-Афғани (Ауған әскері)» журналының редакторлық алқасына құрметті мүше тағайындалды, аталған басылымдарда

әскер мен ислам тақырыптарында қалам тартты. Парсы тілінде «Таалим ул-ислам би алам аскари (Әскерге қатысты исламдық тағылым)» (1934), «Әскариат дар ислам (Исламдағы әскер)» (1936) деген кітаптары дүниеге келді.

Ат-Тарази Ауған шах диуанында (кеңсесінде) қызметте жүрген кезінде сонда сапармен сырттан келген ғұламалар мен көсемдер, араб журналистері және Ислам әлемінен келген өзге де танымал адамдар мен патша сарайы арасында көпір болып, оларды ауған шаһының алдына кіргізген. 1935 жылы Ауғаныстан үкіметінің арнайы шақыруымен зияратқа келген Пакистандық ұлы фәлсапашы Мұхаммед Иқбалмен танысқан.

1936 жылдың 15 ақпанымен 25 сәуір аралығында Делиде атақты дәрігер Мұхтар Әнсариден көзін емдетеді. Сол кезде Үндістанның атақты мұсылман ғалымдары ат-Таразидің көңілін сұрап келеді. Мешіттерде, оқу орындарында кездесулер ұйымдастырады, мұсылмандардың проблемасын талқылаған пікірталастар өткізіп, пікірін тыңдайды, газет-журнал өкілдерін де шақырады. Кездесуде атақты ғалымдар, діни көсемдерімен жолығып, пікірлесуге мүмкіндік алды. Олардың арасында жалпы мұсылмандармен, әсіресе, Үндістан мұсылмандарының ахуалы жайында әңгімелер өрбіді. Сонда «Ижтима (Қоғам)» атты журнал тілшісінің «Ислам әлемін шарпыған ауыр дерттің емі неде?» деген сауалына «Бауырластық пен бірлік» деп жауап қайтара келіп, күллі мұсылмандарды империализмге қарсы біріге тұтаса қимылдаудың қажеттігіне тоқталады. 1354/1936 жылдың зу-хижа айының 4-інде Бұхара мен Түркістан эмигранттары қауымдастығы салтанат ұйымдастырған. Сондай-ақ Ғұламалар қоғамының төрағасы Ахмед Саид Субхан құрметтеп дастарқан жайып, оған Үндістанның Бас мүфтиі Кифаятулла бастаған елдің дін басылары мен көрнекті оқымыстылары қатысады. Нуғмания және Фатехпури университеттеріндегі сый қонақасында мүмкіндікті пайдаланып ойларын айтады. Фатехпури университетіндегі кездесу жиынын Үндістанның Бас мүфтиі жүргізеді. «Исламдық тұрғыдағы ғылым мен өнер» деген тақырыпта лекция оқып, сұрақтарға жауап берді.

Әйгілі ойшыл, ақын Мұхаммед Иқбал да Делиге арнайы келіп Лаһор қаласына шақырады. 12 сәуірде Мұхаммед Иқбал төрағалық ететін «Исламды қорғау қоғамының» жылдық конференциясында «Ислами биліктің болмысы» деген тақырыпта жазған баяндама жасайды, оның мәтіні урду және араб тіліне аударылып таратылады. Кездесудегі пікірталасқа дін ғалымдары қатысады (Тарази, 1987: 167-168).

Кейін Мұбашшир өзінің «Иәдігер зиндан иә айна жиһан» (Зындандағы естеліктерім немесе әлемнің айнасы) поэзиялық туындысында өзінің әйгілі пакистандық ойшыл Мұхаммед Иқбалмен болған жүздесуін жырға қосқан. 24 шумаққа жуық өлең жолдарында ат-Тарази мен Мұхаммед Иқбал арасындағы мына сұрақ-жауапқа қанығамыз. Оқымыстының: «Салафтар (алдыңғылар) өлімнен қорықпаған, ал қазір мұсылмандар өлімнен қорқады, оның себебі неде?» дегенде Тарази «мұның себебі иманның қуаттылығы мен әлсіздігіне тікелей қатысты» екендігін айтады. Өйткені алдындағылардың (салафтар) Аллаға және Пайғамбарына, Ислам шариятына деген сенімдері нық еді. Ал қазіргі әлсіреп кетуінің себебі Ислам білім мен түсініктен алшақтауы және әрбір ісі мен пікірінде батысқа еліктеуінде» деп жауап берген (Тарази, 1986: 156-157).

Мұхаммед Иқбалдың өз өлеңдеріне қарайтын болсақ та, осы тақырыптың және өмір мен өлім фәлсафасы төңірегінде қалам тартқан көптеген мысалдарын көреміз. Одан әрі барша мұсылмандарды қандай түрдегі болса да отаршылдықтарға бас қосып, бірге күресуге үндейді.

Оның Ислам мәселелері төңірегінде мақалалары араб басылымдарында жарыққа шығып отырған. Ат-Таразидің «Бүгінгі ғасырдағы Ислам ғұламаларының маңыздылығы» атты мәселеге көзқарастары 1353/1935 жылы Мысырдағы әл-Әзһар ұстаздарына арналып жазылған.

Оқымыстының мақалалары Бағдаттағы «Һидаят» (20 ражаб, 1352/1933 жыл) журналында, Мысырдағы «Минбәр уш-шарк» (Шығыс мінбері, 26 шағбан, 1352/1934 жыл), «Саут әл-Хижаз» (Хижаз үні, 1352/1933 жылдың ражаб айындағы 19-санында), Дамаскідегі «әл-Шура» (1354/1936 жылдың сафар айындағы 22-санында) газеттерінде жарияланған. Оның бір мақаласында «Исламдағы баспасөздің орны қандай?» деген мәселе қозғалса, ал «Һидаят» (1352/1933 жылдың сафар айындағы 26-саны) журналындағы «Ислах» (Реформа) атты мақаласында аталмыш басылым мен «Раби-тат ул-исламия» журналдарында жалғасып келе жатқан Дамаск пен Бағдат ғалымдары арасындағы дауды тоқтатты.

1931-1943 жылдары ат-Таразидің қолынан үнемі қалам түспейтін; радио, кітап, журнал, газет арқылы танылған. Мысалға Ауғаныстанның «Бидар би базар шәриф», «Ислах», «Әнис» газетіне, Ауған әдебиетшілері ұйымы шығаратын «Кабил» журналына алуан түрлі тақырыптарда

мақалалар жазатын. Тіпті Мұхаммед Надир шах кезінде төрт жылдық аралықта оның жазған еңбектері саны жағынан Ауғаныстанға еңбегі сіңген белгілі қаламгерлердің еңбектерінен де асып түсті. Бұл мәлімет Ауғаныстан Әдебиетшілер қауымдастығы жария еткен статистикада көрсетіліп, «Ауғаныстан мерзімді баспасөз жұлдесі» тарту етілген. Ал «Арияна» энциклопедиясының редакция алқасына мүше болып, «Ислам» тарауын жазып шыққан.

Ол Ауғаныстанға табан тірегеннен кейін жұбайы, басқа да туыстарының қайта қауышуы оңайға түспеген сынды. Кеңестік барлаушылардың деректеріне қарағанда Ташкенттегі Ауғаныстан консульдігінің рұқсатымен ресми жолмен өтуге әрекеті ұзақ сергелдеңге соқтырғасын Мұбашшир хан әйелін амалсыз шекарадан заңсыз түрде қиып өтуін ұйымдастырады.

Мұбашшир жұбайы Болатханмен шет елге кетердің алдында екі жыл бұрын, яғни 1928 жылы некелескен. Болатханның әкесі Ишанхан төре Хусейни – Шаһмұхаммед ибн Әбдуазиз әл-Әлуидің немересі, бабалары ескі Таразда исламның алғашқы таратушылары. Мұбашширдің әкесі Мухаммад ғазиз әл-Хусейни мен Ишан хан төре Хусейни – екеуі де Нақышпандия тариқаты ұстаған сопылар. Ишан хан төре әл-Хусейнидің екі қызы, Әбдуәзизхан атты ұлы болған. Әбдуәзизхан жездесі Мұбашшир ат-Таразимен бірге кеңес үкіметіне қарсы тұрғаны үшін тұтқындалған, кейінгі тағдыры белгісіз. Әл-Хусейни 1932 жылы күйеу баласы мен қызының артынан Ауғаныстанға жол тартады. Қартты Кабулдан 130 шақырым жердегі Бамиан қаласында Мұбашшир ұлы Насрулла екеуі қарсы алады. Ол осында бірге тұрып, отбасын әкелуге қайта оралғанда ұсталып, қамалады. Түрмені аралап жүрген дәрігер жетпіс жастан кейін түрмедегі заң қағидасына сай сексендегі қартты босаттырады. Бостандық алысымен ол кемпірі Мәстанханмен Ауғаныстанға қайта өтеді (ҚР Мемлекеттік архив).

Мұбашширдің Кабулдегі үйі Шор базар ауданындағы Диуан Бәки көшесіндегі үйінен ертелі-кеш адам үзілмейтін, пікір таластыратын, әсіресе оның дұрыс пәтуаларына жүгінетін, діни сұрақтардан жауап іздейтін. Мұбашширдің үлкен ұлы Насрулла Кабулдағы Тәуелсіздік Француз мектебінде дайындық, бастауыш, орта білім алады.

1929 жылы Пешаварда дүниеге келген «Анджуман саадати Бухара уа Туркестан» (Бухара және Түркістан бақыты) ұйымы, тез қанат жаяды, оның бөлімшелері Түркияда, Сирияда, Гер-

манияда, Францияда т.б. елдерде құрылады. Ұйымның бағдарламасында 2-бабында Бұхара және Түркістанды большевиктердің өкіметінен азат ету, 18-бабында айтылғандай КСРО-ға қарсы қарулы соққы жасайтын қуатты әскер қалыптастыруды көздеген. Қоммунистер билік жүргізіп отырған туған жерінде мұсылмандық салттарды сақтауға кедергі жасалатыны, азан айтуға, ораза ұстауға, қажылыққа тыйым салғандығы, әйел-қыздардың ашық-шашық көшеде жүре беретіндігі сынды діни себептер ұйымда үгіт-уағыздарына сәтті қолданылды. Саяси-насихатпен қатар ислами сипаты басым қоғам 1933 жылдың мамырында Ауған падишасы Надирге, Түркия президенті Кемал пашаға, Иран шахы Реза Пехлевиден көрші Кеңестік Ресейге, кәсірлермен күреске мырзалықпен көмектесуін сұрайды. Кеңес Одағына қарсы бұл ұйымды Ауғаныстан билігі тіркеуге қаймығып созбақтағанда абыройлы Мұбашшир өзі ресми хатқа қол қойып, бағдарламасындағы басты мақсаты фарсы тілін білмегендіктен мемлекеттік мекемелерде кедергілерге ұшырап отырған пана іздеп келген эмигранттарға жәрдемдесу деп көрсетеді. Сонда ғана Ауған үкіметі қарсылық ұйымның бөлімшесін құруға рұқсат етеді. Бұл ұйымды алғашқыда басқару кеңесінде Мұбашширхан, Қазы Расул Жан, Абдурашид бай болған, оның жұмысына басмашылар қозғалысының көрнекті өкілдері ағайынды Шер Мұхаммед пен Нұрмухамме, Фузаил мақсум, Хашим Шейх қатысуға келісімін берген. Уақыт өте келе Кабулдегі ұйым бөлімшесін басқаруды Мұбашширхан, Фузаил мақсум, Кур-Шермет, Хамранкул-бек жүргізген (Соцков, 2003: 105-106).

Бұрынғы Бұхара әмірі барлық түркістандықтарды өзбек, тәжік, түрікмен, қазақ, қырғыз т.б. тұтастай топтастыратын тұлға ретінде де қарастырылған. Алайда бұл ұйымның қатарындағылар түркістандық эмигранттары «әміршілер» мен «түркстаншылар» болып бөлінген. Осы мәселеге байланысты Мұстафа Шоқай «Жас Түркстан» газетіндегі мақаласында түркістандықтардың Бұхара, Хиуа сынды т.б. жіктелмей біртұтас болуының қажеттігін көтерген (Andican, 2013: 433).

Діндар ат-Тарази бастаған топ Мұстафа Шоқай жетекшілік жасайтын «Түркістан Ұлттық бірлестігі», «Жас Түркістан» газетінің басқы сөзін «биссимила» деп бастамайтын тым либерал деп есептеген (Andican 2013: 423).

Отан тарихын зерттеушілер назарынан елеусіз қалып келген ақтаңдық оқиға – Ауғаныстанда 1942-1943 жылдары кескілескен соғыс жүріп

жатқан кезде Кеңес Одағына қарсы түркістандық эмигранттардың дайындаған қарулы операциясы. Бұл оқиғаға қатысты кеңестік орыс тілінде жазылған мәліметтер негізінен барлау қызметтерінің жетістігі жұмыстарына баға беру жағынан бір жақты екені көрінеді. Ал түрік профессоры Ахад Андижан «Жәдидшілдіктен тәуелсіздікке. Шетелдегі Түркістан күресі» атты көлемді зерттеу кітабында осы операцияға оны түркішіл ұлттық-азаттық жолындағы күрестің көрінісі ретінде кеңірек саралайды.

Кеңестер Одағы сыртпен, соның ішінде Ауғаныстанмен шекараны күшейтіп, толықтай бақылауында ұстады (Louis Dupree 1980, p. 481). Немістердің Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашып, күйрете соққы беруі Ауғаныстандағы түркістандықтарға жаңа үміт отын жақты, Ауғаныстанда тұрып жатқан мұһажирлердің арасында көрнекілері Бұхараның соңғы әмірі тағынан айырған Сейд Мир Мұхаммед Әлімхан (1880-1944), басмашылар қозғалысының аңызға айналған жетекшілері Шермұхаммед (Курширмат) Ғази (1895-1970), Ишан халифа, Қызыл аяқ, Махмуд бек, Қамчи бек т.б. еді. Осы кезде Бұхараның соңғы әмірі Әлімхан маңызды тұлға деп қарастырылған. Әмір Әлімхан бастаған күшті де тарту үшін Бұхараны бөліп алып, онда бұрынғыдай хандықты қалпына келтіруге де уәде етілген. Алайда жетекші ретінде Мұбашширхан таңдалған. Алдағы бірінші міндет – топ серкелерінің біріктіре, ортақ мақсат жолында келісімге келіп, жұмылдыру, күрес майданына топтастырып, тізе қосып қимылдау міндеті тұрды. Олар немістермен де келісім жасауға, тіпті олардың қаржылай қолдауына сүйенді (Motadel, 2014: 298).

Ат-Таразидің жазбаларына қарағанда, немістермен Түркістан үкіметінің тәуелсіздігін мойындауға келісімін берген соң ғана екі жақты келіссөздер басталған (Араб қолжазбалары, 2017: 372). Немістер Ауғаныстанда астыртын байланыс құрған бұл құпия ұйымды «Фаал» деп аталған, немістер ұйымды кодтық түрде «Унион», оның басқару орталығын «Лига», Мұбашширхан Таразиді – «Ханза», Әлім ханды – «Ауди», Қызыл аяқты «Мерседес» т.б. псевдоним есімдер қойылған (Соцков, 2003:115).

Бұл ұйым «Ла Марказиат и хукумат-и Түркістан» («Түркістан орталығы және үкіметі») деп аталған. Олардың ұраны «Аллаһу мағәнә (Алла бізбен)» деген діни сипатта болған (Tarazi, 1987: 25). Түркістан күрес комитеті құрылғандығы туралы шешімге Бұхара әмірі, Шер-Мұхаммед бек, Мұбашширхан үшеуі қатар

қол қояды. Бұл шешімге сай комитет төрағасы болып Мұбашшир хан, Шер-Мұхаммед бек әскери бөлім бастығы, Нұр-Мұхаммед Әскери бөлім бастығының орынбасары Памирдегі Қымшыбек қырғыздардың өкілі болып бекітілді (Қошағ, 2010: 119-120). Бұл ұйымның құрылуы түркістандықтарды серпілтіп, жігерлендірді. Олардың арасында дүрдараздық жойылды.

Министрі болып Мұбашширдің ұлы Насрулла, Екрем Қари Қаржы министрі, Хабибулла хан Төре білім саласына жауапты болып тайындалған. Басшылық құрамға Таға Хан, Құдруттулла Хан сынды белгілі адамдар, атақты басмашы Ибраһим Лакайдың көмекшісі Шамшәдин Уәкил кірді (Andican, 2013: 622).

Бірінші қадам қырғыздардың құрбашы 1941 жылы Кеңестер Одағының шекарасын бұзып, батыл шабуыл жасаған Қамшыбекпен бірлесе қимылдауға, ол жасақтарымен Амудария тарапынан соққы беруге келіседі. Кейін Қызыл-аяқпен де жолығып, оның түрікмендер үлкен тобын бастап әскери қимылға қатысатындығы турасындағы уәдесін алады. Ең саны жағынан көбі де жақсы қаруланған әрі жауынгерлік рухы басымы түрікмен басмашылары еді. Осылайша құрамында 20 мыңмен 30 мыңның аралығында басмашылар жасағын соғысқа дайындап үлгерген. Шабуылға Бұхарына азат мақсаты қойылған. Солтүстік Ауғаныстанның таулы аймақтарынан бастау көзделген. Осылайша түркістандықтардың арасындағы дүрараздық жойылып, бір мақсат-мүдде жолында топтасып, жұмылған қимылға көшті.

Түркістандық күрескерлер қару-жарақ пен ат сатып алу үшін араларынан көп мөлшерде қаражат жинаған. Ең көп көлемдегі жәрдемді Самарқандтық бай Абдрашид хан бағыштаған. Азаттық жолында күреске бағышталған қаражатты Мұбашшир қабылдап отырған. Бұхараның бұрынғы әмірі Әлімхан мен Шер-Мұхаммед бек екеуі осы қаражатты жұмсауды бірлесіп шешкен. Пешаурден әкелінген түрлі қару-жарақтар Мазари-Шариф, Памир жазығы Кундуздағы түркістандықтарға құпия таратыла бастады. Егер ауған полициясының қолына түскен жағдайда қару-жарақты қайдан алғанын айтпауға ант ішкендер ғана алған. Оларға соғысқа дайындығын білдіргенге қару-жарақпен қатар 10.000 ауған (ақшасы) берілген. Жиналған ақшаның бір бөлігі қару-жарақ алу үшін Шер Мұхаммедке берілді, сондай-ақ Памирдегі Қамшыбекке жіберілді (Қошағ, 2010: 122; Yagıttođlu, 2010: 156-157). Кеңестік шпиондар жинаған мәліметтерінде бұрынғы Бұхара әмір

Әлім ханның да қажетті шығындар үшін бағалы тастарын да саттырғаны көрсетілген (Дауди: 41).

Немістер түркістандықтардың шама-шарқын бағамдап көзі жеткен қаржы бөлдірген: қол радионы сұраған. Ақша болса, Ауғаныстанда қару табу қиындық келтірмейтін (Adamec, 1974: 69). Немістер жаттығудан өтіп жатқан Түркістан легионы жасақтарымен қимылдарын үйлестіріп, екінші тараптан Ауғаныстандағы қоныс аударушыларды қаруландырып, тылынан шабуылдатуды ойластырған. Шабуылға люфтваффе, яғни әуе күштерінің ұшақтарымен қолдау жасау ойластырылған.

Операция хақында КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссары Меркуловтың атынан өте құпия түрде 1943 жылдың 27 сәуіріндегі КСРО Қорғаныс комитетінің комитетіне, Сталинге, Молотовқа, Берияға дайындалып, бірақ Мемлекеттік Қорғаныс комитетіне жіберілмеген. Сыртқы барлаудың Фининнің нұсқауымен Берияға, Меркуловке, Кобуловке жолданған мәлімдемеден қанығамыз (ҚР Мемлекеттік архив).

Бір таңқаларлығы орыс тіліндегі осы құпия мәлімдеме Мұбашшир ат-Таразидің қолына түскен. Қазір бұл құжат ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында ат-Таразидің жеке қорында сақтаулы. Ал бұл құжаттың күрескердің қолына қашан, қалай түскені біз үшін беймәлім. Десек те кейін бұл мәлімдеме Кеңестік барлаушылардың Ауғаныстандағы жұмыстарының жемісі ретінде жарияланған (Соцков, 2003: 152-153).

Аталмыш Түркістанды азат ету операциясы сәтсіз аяқталуына ойламаған жерден Германия әскерінің Сталинград қаласында, Курскі доғасы түбінде қиян-кескіде ойсырай жеңіліс табуы да әсерін тигізді. Ауғаныстан үкіметі эмигранттардың қимылдарын бақылауда ұстаған. Немістердің қанды шайқастарда қатты соққыға ұшырап, шегінуі таразының қай жаққа аууын сақтықпен бақылап отырған солқылдақ Ауғаныстан монархиясы Кеңестер Одағының нота тапсырып, ат-Тарази және өзге де бір топ белсенді адамдардың тұтқындалуы жөніндегі талаптарын амалсыз орындаған (Saikal, 2004:109). Тұтқындау екі рет жүргізілген, алғашқысы 1943 жылдың сәуірінде, екіншісі мамыр-маусым айларында.

Кочардың берген мәліметіне қарағанда Ханнабад тарапынан 620-дай, Кабулда 100-ге жақын адам тұтқындалған. Темір тордың ар жағына тоғытылғандар ішінде саяси басшы Мұбашшир хан, әскери бөлім бастығы Шер-Мұхаммед, оның орынбасары әрі інісі Нұр-Мұхаммед, Памир бөлімінің командирі Қамшыбек, Марғилани Бин-

басы Имамеддин, Ибраһим Лақайдың командирлерінен Шамшәддин Уәкил, Шығыс Түркістан бөлімінің командирі Әулие Қожа Ешам, Мырза Парпи, Мухитдин Хан Төре және басқалар бар. Қоғардың өзі де тұтқындалған (Қоғар, 2010:127). Аймақтарда ұсталғандар қатарында Қудратулла-хан Тура, Хамраскул-бек болған.

Осы қозғалыста белсенді араласқандар ішінде Саид Әлім ханның ұлы әкесінен соң тақ мұрагері иеленген Саид Умар-ханға тиіспеді. Сондай-ақ діни беделі жоғары Халифа Қызыл Аяқты тұтқындауға діндардың наразылығының өршуінен секемденді. Кабулдан тысқарыда тұтқындалғандар шынжырланып жүк көлігімен әкелінді. Тұтқынға алынғандар Кабулдың сыртындағы атақты Демазанг түрмесінде қамауда отырды.

Кеңестік жансыздардың жинаған мәліметіне қарағанда, Әбу-н-Насыр абақтыда томарылып қамалуы ұзаққа созылған соң еркіндікке шығудың жалғыз жолы Кеңестер Одағының ауанынан аса алмай өздерін тұтқындап, қараңғы қапаста ұстап отырған Ауғаныстанның Премьер-министрі Мұхаммед Хашим ханның көзін жоюға, осылайша билікте ауыс-түйіс жасатуға бекінеді. Түрмедегі Мұбашшир мен Шермұхамметтің көңілін сұрауға келген әмірдің туысы Яхия хан арқылы осы жоспарын орындатуға тапсырма береді.

Марқұм Әлімханның ұлы Саид Омар-ханның туысы Саид Ақрам Тохтасын-хан түрмедегі Мұбашшир-хан, Муқим-бек, Шер Мұхаммед-бекке зияратқа барады. Мұбашшир Тохтасын-ханға кетер алдында Құранды Саид Омар-ханға тапсыр деген өтінішпен береді. Тохтасын-ханға ауызша Саид Омар-хан Құранды қабын ашып, арасына салынған хат сәйкес әрекет етуін жеткізуді сұрайды. Тохтасын-хан Құранды Саид Омар-ханға беріп, Мұбашшир-ханның ауызша тапсырмасын жеткізеді. Саид Омар-хан сәлемдеменің қабын ашқан 12 Ферғана байына жазылған хатты көреді. Хаттың мазмұны: «Соғыс аяқталмай не қазіргі шаһ әулетін, әсіресе, қазіргі премьердің көзін жоймай түрмеден бостандыққа шығуға үміт жоқ. Сол себепті қандай жол мен тәсілмен болсын Мұхаммеда Хашим-ханды құртудың шарасын қолдану қажет».

Саид Омар-хан хатты оқып шыққан соң жырттып тастайды. Онда аталған адамдарды қонақ ету сылтауымен шақырып, Мұбашшир көтерген мәселені ақылдасуды ойластырады. Олар: Хаджи Исхак жан-бай, Абдул Жамил-бай, Абдулла жан-бай, Абдул Халим-бай, Хазми Мұхаммед Пулат-бай (басқаларын есте сақтамаған), сондай-ақ Сардар Абдул Рахимджан.

Сардар Абдул Рахимджан – Абдурахман Хан әмірлігі кезінде тақты тартып алу үшін көтеріліс жасаған Сардар Иса-ханның немересі. Сәтсіздікке ұшыраған Сардар Иса-хан Самарқандқа қашқан. Кейін оның немересі Аманулла билікке келген кезде Ауғаныстанға қайта оралып, түрлі мансаптарға отырған. Надир-хан билікті тартып алғаннан соң мемлекеттік қызметтен аластатылған. Ол Мұбашшир-хан мен Шир Мұхаммедпен достық қарым-қатынаста болған. Сол себепті де Мұбашшир-хан хатында Саид Омар-хан мен басқаларынан Сардар Абдул Рахимджанмен ақылдасуын сұраған еді.

Сардар Абдул Рахимджанның Хазрен Аббаса мешіті артындағы Муранхандағы үйіне ақылдасуға келеді. Абдул Рахимджан бұл тапсырманы орындайтын адамды іздеу үшін ең алдымен 50 мың ауған ақшасын беруі керектігін айтады. Бұл сөз түрмедегі Мұбашшир ханға жеткен соң, ол әйеліне айттырып, төрт бриллиантын бергіздіреді. Оның әрқайсының құны 20-30 мың ауғани. Сардар Абдул Рахимджан керекті адамды тапқанын, оның Мир Сахиб лақапты бұрынғы танымал басмасшы хазарилік Гулям Хайдархан екендігін атайды. Саид Умар-хан екі бриллиантты беріп, өзіне қалғанын сақтап қояды. Гулям Хайдархан тапсырманы үш-төрт айда орындауға уәде етеді.

Премьер-министрді Жалалабад-Кабул жолында автомобильмен жүрген кезде жаруға бомбалар сатып алынады. Бұл қастандық хақындағы жансыздар ақпаратын кеңестік тарап дипломатиялық жолмен Ауғаныстан үкіметіне тез ескертіп үлгереді. Бұдан әрі ат-Таразидің түрмеден ертерек шығару туралы өтінішін қарау кейінге шегеріліп, жеке камераларға ауыстырылып, тәртіп қатаңдатылды (Соцков, 2003:117-120). Ат-Тарази және оның ұлы мен серіктері 5 жыл 1 ай 3 күн абақтыда отырды.

Ат-Тарази өз сезімін поэзия тілінде өрнектеген ақын еді. Ол Кабулда қамауда жатып, іштегі шер, ойларын өлең тіліне айналдырды. Бұл көлемді туындысын мәснауи жанрында «Йадгар Зандан» («Түрме естелігі немесе әлем айнасы») парсы тілінде түрмеде 1947 жылдың алтыншы қыркүйегінде бастап жиырма бірінші қарашасында аяқтаған. Оның толық атауы – Йадгар Зандан иа айнейе жаһан» («Түрме естелігі немесе әлем айнасы») деп аталады (Тарази, 1986).

1948 жылы Ауған парламентінің қарарымен түрмеден шыққан. Бостандықтағы ат-Таразиге кеңестік жағынан өлтіруге бірнеше рет әрекет жасалады. Сол себепті ат-Тарази әуелі Пәкістанға өтіп, 1949 жылдың 24 қыркүйегінде Пешавар

қаласында отбасын қалдырып, ары қарай Мысырға жол жүрді. Күрескерді Мысыр үкімет саяси босқын ретінде қабылдап, әрі үлкен құрмет көрсетеді, айлық жалақы тағайындайды. 1950 жылдың 16 қаңтарында отбасын көшіртіп алдыртады.

Қорытынды

Сонымен Ат-Тарази Ауғаныстандағы өмірі мемлекеттік қызмет, саяси күрес, шығармашылық белсенділікте өтті деп түйіндеуге болады. Ол қоғамдық орны бар қайраткер, беделді күрескер тұлға ретінде көрінді. Десек те бүгінгі күні Ауғаныстанда қалыптасқан саяси жағдайлар сол елдің архивтік құжаттарына қол жеткізіп,

ондағы қайраткерге қатысты мәліметтерді жинауға, пайдалануға, жоспарымызды жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отырғанын айта кету артықтық етпейді. Аса көрнекті дін және қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым, сан салалы қаламгер Мұбашшир ат-Таразидің ғылыми өмірбаянын, тұлғалық-шығармашылық жолын кеңінен көрсетуді, сондай-ақ тәуелсіздік пен азаттық жолындағы қозғалыс тарихында қайталанбас тұлға мұрасын барынша толығырақ анықтап, айналымға енгізуді, оқырманға жетпей жатқан деректерді ұсыну маңызды. Осы тұста Мұбашшир ат-Таразидің саяси-діни көзқарастарын саралап лайықты баға берілмей келгенін де айта кету артықтық етпейді.

Әдебиеттер

- Араб қолжазбалары бойынша Түркістан: өткені мен бүгіні. Орта Азия мен Қазақстан тарихы туралы / Аударған: Ы. Палтөре. – Алматы, 2017. – 464 б.
- Дауди, Ильяс. Большая игра в Афганистан, 41. http://kunduz.ru/f/bigra_v_afg.pdf
- ҚР Мемлекеттік архиві, 2300-к, 1 тізбе, 348 іс.
- Соцков, Лев. Неизвестный сепаратизм на службе СД и Абвера. – М., 2003. – 236 б.
- يزارطلا رشبم رصنلدا ىبأ 1986 قره اقلال - ناهج نىيى اي نادنز راگداي يونشم 382, 1987
- يزارطلا تاساردل تودنل ىرافكتللا باتاكلل قره اقلال قىم سالال قىقرشلا 382, 1987
- يزارطلا قرسالال رشبم لللارصن لكرابم 126 - 2016 قره اقلال رصم يف قىزارطلا
- Тараздық тұлға Насулла ат-Тарази (1922-2002): фотоальбом /Құрастырған: Ы. Палтөре. – Алматы, 2016. – 68 б.
- Шоқай, Мұстафа. Шығармаларының толық жинағы. Он екі том. Бірінші том. – Алматы, 2012. – 541 б.
- Adamec, Ludwig W., *Afghanistan's Foreign Affairs to the Mid-Twentieth Century: Relations with the USSR, Germany and Britain*, Tucson: University of Arizona Press, 1974, - 324.
- Andican, Ahat, *Cedidizm'den Hariçte Türkistan Mücadelesi*, Istanbul, 2013, - 943.
- Dupree, Louis, *Afghanistan*, Princeton: Princeton University Press, 1980, - 778.
- Коңар, Абдүләміт, *Esaretten hürriyete Bir Türkistanlının Hatıraları*, Istanbul, 2010, - 200.
- Magnus, Ralph H., *Muhammad Zahir Khan, Former King of Afghanistan*, Middle East Journal, Winter, 1976, Vol. 30, No. 1 (Winter, 1976), pp. 77-80.
- Motadel, David, *Islam and Nazi Germany's war*. Cambridge, MA: The Belknap Press of Harvard University Press, 2014, - 459.
- Saikal, Amin, *Modern Afghanistan: A History of Struggle and Survival*, London-New York: I. B. Tauris & Co Ltd, 2004, - 342.
- Yarimoğlu, Emin. *Korbaşı Türkistan Milli istiklal Hareketi Liderlerinden Şir Muhammed Bek*. Kadıkoy-Istanbul, 2010, - 254.

References

- Adamec, Ludwig W., *Afghanistan's Foreign Affairs to the Mid-Twentieth Century: Relations with the USSR, Germany and Britain*, Tucson: University of Arizona Press, 1974, - 324.
- Andican, Ahat, *Cedidizm'den Hariçte Türkistan Mücadelesi*, Istanbul, 2013, - 943.
- Arab kolzahazbalar boiynsha Turskystan: otkeni men bugingi. Orta Asia men Kazakhstan tarixi turaly. Trans: Y. Paltore. Almaty, 2017-464.
- At-Tarazi, Abu An-Nasr Mubashshir, *Al-kitab at-tazkiri li-nadat, Ad-Dırasaat ash-sharqia al-islamia*. Cairo, 1987, 382 p.
- At-Tarazi, Abu An-Nasr Mubashshir, *Masnayi iadgar zandan ayneeh jihan*. Cairo, 1986, 249.
- At-Tarazi, Mubarak Nasrulla Mubashshir, *Al-Usratu at-Tarazia fi-Misr*. Cairo, 2016, 126 p.
- Daudi, Ilyas, *Bolshaya igra v Afghanistan*, 41. http://kunduz.ru/f/bigra_v_afg.pdf
- Dupree, Louis, *Afghanistan*, Princeton: Princeton University Press, 1980, - 778.
- Коңар, Абдүләміт, *Esaretten hürriyete Bir Türkistanlının Hatıraları*, Istanbul, 2010, - 200.
- KR National Archive, 2300-k., 1-, 348.
- Magnus, Ralph H., *Muhammad Zahir Khan, Former King of Afghanistan*, Middle East Journal, Winter, 1976, Vol. 30, No. 1 (Winter, 1976), pp. 77-80.
- Motadel, David, *Islam and Nazi Germany's war*. Cambridge, MA: The Belknap Press of Harvard University Press, 2014, -459.
- Saikal, Amin, *Modern Afghanistan: A History of Struggle and Survival*, London- New York: I. B. Tauris & Co Ltd, 2004,- 342.

Shokai, Mustafa. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. On eki tom. Byrinshi tom. Almaty, 2012 541.

Sotskov, Lev, Neizvestniy separatizm na scluzhbe SD i Abvera. Moscow, 2003, p. 236

Tarazdyk tulga Nasulla at-Tarazi (1922-2002): photoalbum/Y.Paltore. Almaty: 2016-68.

Yarimoğlu, Emin. Korbaşı Türkistan Milli istiklal Hareketi Liderlerinden Şir Muhammed Bek. Kadıkoy-Istanbul, 2010, - 254.